

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:  
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»  
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА  
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS  
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM  
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:  
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT  
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)  
Қ18

#### Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

#### Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

#### Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

*Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.*

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»** XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-588-5**

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)

**ISBN 978-601-337-588-5**

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

Ту орденімен т.б. медальдармен марапатталған. 1971 жылы өзінің өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін, Б. Бөлтірікова Қазақ КСР Білім және ғылым министрі болып тағайындалды және ол жерде 1974 жылға дейін жұмыс істеді. Сол жылы ол мемлекеттік кәсіптік білім комитеті төрағасының орынбасары болды.

1980 жылы қызметте болған кезінде және зейнетке шыққанға дейін ол Қазақстандағы орта білімді жақсарту, бастауыш мектептерді күндізгі оқу нысаны бар мекемелерге айналдыру, сондай-ақ кәсіптік-техникалық оқу орындарын дамыту үшін күш-жігерін жұмсады.

Қорытындылай келе, Балжан Бөлтірікова – көрнекті мемлекет қайраткері, Ол әр уақытта халықаралық форматтағы түрлі дипломатиялық алаңдарға қатысып, Жапония, АҚШ, Корея, Швейцария, Чехословакия, Сирия, Египет, Цейлон (Шри-Ланка) сияқты тағы да басқа елдерге барып, Қазақстанды барлық жерде лайықты көрсете білді. Көп жылғы еңбегі үшін үш орденмен, жеті медальмен, оның ішінде «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен, республиканың және одақтас қоғамдық ұйымдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған. Балжан Бөлтірікованың есімі мен өмірбаяны Кембридже, Қазақ энциклопедиясында басылып шығарылатын «Әйелдер арасында кім бар?» халықаралық анықтамалығында жарияланған, оған одақтық және республикалық басылымдарда оннан астам мақалалар арналған. Тек Қазақстанды ғана емес, әлемді мойындатқан дипломат әйелдің тарихын терең зерттеу үлкен тәлім мен маңызды деректер жинақтауға мүмкіндік береді, сондықтан да аталған тұлғаны зерттеу маңызды мәселе болып табылады. Еліміздегі алғашқы заңгерлердің бірі Ескендір Қожабаевпен жарты ғасырдан астам отасқан. Бүгінде Балжан Бөлтіріқызының ізін жалғап отырған ұрпақтары бар. Осы орайдасаналы ғұмырын қазақ балаларының сауатын ашуға арнап, халықтың рухани дамуына да зор үлесін қосқан ағартушы – ұстаз, мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірбаянын, рухани болмысын, ғылыми мұрасын зерделеп, одан әрі зерттеу әрбірімізге міндет. әрі өзекті болып табылады деп санаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Медеубаева Ж. Қазақстан Республикасының сыртқы саяси Доктринасының қалыптасу тарихы (1991-2010 жылдар). Монография.–А.: ЕҰУ им. Л.Н. Гумилев, 2012.–288 б.
2. Әшімбаев Д. Қазақстан дипломатиясы: кадрлары.- Континент Т, N 3, 2004. – 4 б.
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004.
4. Аубакиров Э. Номадка, перехитрившая Киссинджера. - Алматы: Экспресс К, 2011, N 49.- 2 б.

## **ФАРАБИТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ АСҚАРАЛЫ 30 ЖЫЛ**

**Иманғалиев А.Т.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты

**Дүкенбаева З.О.**

т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды. Егемендік алғаннан кейін Отанымыздың жан-жақты ғылым салалары дамып, қазіргі кезеңде шынайы биіктігіне көтерілді. Соның ішінде тарих ғылымының дамуы шырқау биіктігінде тұр. Сондай-ақ, тарихтың әлі ашылмаған тұстары және ақтандақ беттері зерттелініп зерделенуде.



«Тарихты тұлғалар жасайды» атты қағидаға сүйене отыра Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «ешкім де өлгенде тірілуге құдіретсіз, дегенмен оларды мәңгі есте қалдыру біздің қасиетті борышымыз», - десе [1, 59 б.], Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді [2, 1 б.]. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілуге тиіс». Осылайша, біз, яғни, өскелең ұрпақ Отан тарихымыздағы тарихи

тұлғалардың және олар жүзеге асырған оқиғаларға толы тарихи құбылыстарды білуіміз шарт. Осыған орай, білімділік пен батылдықты өзіне серк еткен, ел үшін ерен ерлік істеген жаңдар туралы ой қозғау, біздің, яғни жас ұрпақ өкілдерінің міндеті болып табылады.

Осы ретте, ағымдағы жыл – геолог-маркшейдер, Қазақстан мен Орта Азияға ортағасырлық шығыстың дара да дана ойшылы Әбу Нәсір әл-Фараби есімімен қауыштырған тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың туғанына 115 жыл.

Ұлттық Ғылым Академиясының 2-ші қорындасақталған деректерге сүйенетін болсақ, Ақжан әл-Машани 1906 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында орта шаруа отбасында дүниеге келді. 1920-1924 жылдары аралығында туған жеріндегі ауыл мектебінде білім алып, 1924-1929 жылдары Қарқаралы педагогикалық техникумында өз білімін жалғастырды. 1929-1933 жылдары аралығында Қарқаралы, Абыралы, Семей өңірлерінде мұғалімдік қызметті атқарды. 1933-1934 жылдары Семей өңірінде орналасқан Тау-кен металлургия институтында, кейін Алматы шаһарында білімін жалғастырды. Алматыдағы Тау-кен металлургия институтын(политех) үздік тәмамдағаннан кейін 1939-1942 жылдары «маркшейдер» мамандығы бойынша аспирантураға түскен [3, 8-9 бб.]. 1943 жылы аспирантурадағы білімін ойдағыдай аяқтап,ғылыми диссертациясын қорғайды. 1944 жылғы 8ақпан айының1-хаттамасына сәйкес Мәскеу қаласында кандидаттық диссертациясының куәлігін береді [3, 11 б.]. Ал, 1946 жылы үш ғылымның басын біріктірген докторлық диссертациясы ойдағыдай қорғалып, осы жылы Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі болды. 1946-1959 жылдары аралығында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті және профессор міндетін атқарушы болып қызмет атқарды [3, 8-9 бб.]. Бұл туралы ҚР ҰҒА архивінің 2-ші қорындағы деректер дәлелдей түседі.

ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының архивінің 2-қорындағы 1-іс 1<sup>а</sup> тізбесіне сүйенетін болсақ, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №437 Қаулысымен 76 ғылым докторы мен ғылым қайраткерлеріҚазақ КСР Ғылым Академиясының тұрақты мүшелері атанды. Солардың ішінде, геология-минерология ғылымдарының докторы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани жаңадан шаңырақ көтерген Ұлттық Ғылым Академиясының жер ғылымы бөлімшесінің корреспонденті атанды.



Ақжан әл-Машанидың өмірбаяндық құжаты Геология ғылымдары институтында [3, 8б.] жұмыс жасаған құжаты [3, 5 б.]

Нәтижесінде, Ақжан әл-Машани жер ғылымы бойынша көптеген ғылыми еңбектерді жарыққа шығарды [3, 4 б.]. Атап айтатын болсақ, «Как образовались горы» [3, 17 б.], «Механика массивы горных пород» (1961) [3, 18 б.], «Кристаллография, минерология и петрография» (1969), [3, 18 б.] және Шахов Ф.Н. «Металлургия меди» (1940), Пальгов Н.Н. «Очерки и картины Казахстана» (1948), Обручев В.А.«Основы геологии» (1950), Мушкетов И.В. «Краткий курс общей геологии» кітаптарды ана тілге аударып, қазақ оқырмандарына қолжетімді жасады [3, 25б]. Осылайша, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани табиғат, жер ғылымдары арқылы дүниенің шындығына жетуге ұмтылды. Мәселен, фарабитанушы-

ғалым Ақжан әл-Машанидың ақын Абайдың «Желсіз түнде жарық-ай» атты өлеңін тереңінен пәнаралық ғылыми байланыстар арқылы талдағанынан байқауымызға болады: «Түскен жарық пен оның зат бетінен көрінген сәулесі арасында терең мағына жатыр. Күн жарық беруші болғанда оның Ай бетінен шағылысып шыққан түрі айналық жарық яғни сәуле. Оны Нұр мағынасында алып, Ай ғаламның Нұр сәуле айнасы деуге болады» [4, 96 б.]. Осылайша, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ең алдымен, жер ғылымы, Абай мұралары арқылы әл-Фарабиді және еңбектерін зерттеп, дүниенің шындық дәрежесіне жетуді мақсат тұтты. Осы бағытта рухани кемелдікті алдын-ала болжай білген Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани 1944 жылы Ұлы Абайдың 100 жылдығына арнап, «Абайдың шығармаларындағы табиғат ғылымының көріністері» атты тақырыбында ғылыми баяндама жасаса [5, 10 б.], ал, мұсылман реннесансының көрнекті өкілі, ойшылдың мұрасы жайында «Әл-Фараби еңбектері туралы» атты мақаласы 1961 жылы ҚР ҰҒА Хабаршысының №5 нөмерінде жарық көрді [5, 25 б.]. Кейін 1971 Мәскеуде өткен ғылым тарихына арналған ЮНЕСКО-ның 13-конгресінде Әл-Фарабиге арналған симпозиумда Фараби туралы ғылыми тұжырымдарын ортаға салып, дәйекті де дәлелді ғылыми тұжырымдарын атаса [6, 38 б.], ал 1973 жылы қыркүйек айының 5-7-күндері Ташкентте өткен Әбу Райхан әл-Бирунидің туғанына 1000 жыл толуына орай, Ақжан Машани «Беруни и горно-геологическая наука» атты баяндамамен қатысып [7, 9 б.], Берунидің тау-кен ғылымы жайындағы еңбектеріне және Фараби мұраларына тоқталады [5, 101 б.]. Нәтижесінде, 1970 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Әл-Фараби» тарихи романы [8, 3 б.] мен 1994 жылы Абайдың 150 жылдығына орай, екі ғұламаның арасындағы рухани сабақтастық туралы «Әл-Фараби және Абай» [5, 3 б.] атты ғылыми еңбегін жарыққа шығарып, келешек ұрпаққа баға жетпес мирас етіп қалдырды.

Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани жер ғылымдары және әл-Фарабидің еңбектерін зерделей отырып, фарабитану мектебінің және ғылымының негізін қалады. Бұл туралы толыққанды мәлімет ҚР ҰҒА архивінің 98-қор, 1 тізім, 210 іс «Отчет о деятельности Института за 1968 года» атты папкасын қарайтын болсақ, Философия және құқық институтының есеп құжаттарынан Ақжан әл-Машани бастаған фарабитанушы-ғалымдарды фарабитану ғылымы бойынша қандай істер атқарғандығы туралы біле аламыз. Мәселен,

«Тема: «Изучение творчества аль-Фараби (1968-1970)»

Руководитель: член-корр. АН КазССР А.Машанов.

Исполнители: к.ф.-м.н. А. Кубесов


м.н.с. Ошерович Б.Я.

м.н.с. Харенко Е.Д.

В отчетному году осуществлены переводы следующих трактатов мыслителя:

1. Трактат о вакууме (с арабского и европейского языка);
2. О единстве взглядов Аристотеля и Платона (с арабского и немецкого языка);
3. Классификация наук (сарабского);
4. Афоризмы государственного деятеля (с английского)[9, 24 б.]


Қазақ КСР Республикасының Философия және құқық институты дайындаған «Отчет о работе отдела истории философской и общественной мысли за 1968 год» атты тарихи құжатты парақтайтын болсақ, 1968 жылы «Отдел философской и общественной мысли» атты бөлімде 8 фарабитанушы-ғалымдар қызмет атқарған. Олар: екі аға ғылыми қызметкерлер: физика-математика ғылымдарының кандидаты А.Көбесов, геология-минерология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі А.Машанов, 3 кіші ғылыми қызметкерлер: Ошерович Б.Я. (араб тілінен аударма), Харенко Е.Д. (ағылшын, француз, неміс тілдерінен аударма), Уразбеков А. және екі лаборант қызмет жасады. 98-қордың 210-іс деректік құжатында көрсетілгендей, аталмыш бөлім екі бағыт бойынша жұмыс жасады. Бірінші бағыты -«Социологическая мысль Казахстана в конце XIX–начало XX века», екінші бағыты – «Изучение творчества аль-Фараби».



1968 жылы фарабитанушы-ғалымдар 1970 жылы эл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына орай мақалалар жинағына («Классификация наук», «Астрологический трактат», «Трактат о взглядах жителей идеального города», «Что нужно знать до изучения философии», «Основы естествознания», «О пользе химии», «Трактат о вакууме», «Об единстве взглядов Аристотеля и Платона») тақырыптардың ену керек екендігі, Б.А. Ошерович, Е.Д. Харенко ғалымдардың Мәскеу кітапханасындағы эл-Фарабидің еңбектері туралы араб, парсы, еуропа тілдерінде материалдар жинау бойынша және Душанбе қаласында өткен «Авиценна оқулары» аясында фарабитанушы-ғалымдар А.Машанов «Аль-Фараби и ибн Сина», А.Көбесов «Физические воззрения аль-Фараби» атты баяндамаларын оқығандығы жөнінде фарабитану ғылымы бойынша атқарылған ғылыми жұмыстармен танысуымызға болады [9, 185-186 бб.]. Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан эл-Машанидың [9, 177 б.] фарабитану ғылымы бойынша көпжылғы

ізденіс жұмысының нәтижесінде, ортағасырлық ойшыл эл-Фарабиді табиғат зерттеушілердің алдыңғы қатарларындағы ғалым деп көрсете отыра, табиғат ғылымына бақылау, өлшеу әдістерін қолданған тұлға деп атайды [10, 159 б.]. Осы бағытта, фарабитанушы-ғалым Ақжан эл-Машани «Ғалами мөр» атты кітабында табиғат дүниесін тану үшін эл-Фарабидің «Табиғат - матбуғат» атты қағидасын ұсынады. Мұндағы «Матбуғат» - шындық кітап шығаратын баспа орны деген мағынаны береді. Яғни, адамзат баласына білім-ғылым беретін негізгі оқулық «табиғат» деп атайды [4, 23 б.].

Аталған тақырып бойынша, 1983 жылы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан эл-Машанидың қаламынан туындаған «Табиғат матбуғат» атты қолжазбаның алатын маңызы зор [11]. Себебі, бұл қолжазба Ақжан эл-Машанидың «Ғылыми ізденіс жолында алдымен табиғат дүниесін танудан бастау керек» [4; 23] деген қағиданы толыққанды дәлелдей түсіреді. Бұл туралы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми кітапханасының сирек қорына тарих ғылымдарының докторы, профессор, машанитанушы-ғалым Дүкенбаева Задаш Оразғалиқызы сыйға тартқан Ақжан эл-Машанидың көшірме қолжазбалары дәлелдей түседі. Төменде берілген тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан эл-Машанидің қолжазбадағы белгілерге назар аударатын болсақ, тарихи-философиялық және діни мағынамен астарлас екендігін көруімізге болады. Себебі, Араб белгісінде көрсетілген жоғарыда 786 – «Бисми Аллах ал-рахман ал-рахим» Бас батаның АБЖД ғылымы бойынша есептегендегі сандық мәні. Ал, айнала қоршаған 12 белгі ай, жыл мүшелдерін білдіреді. Шеңбер ішіндегі квадрат формасы мұсылмандар үшін қасиетті орын - Мекке шаһарында орналасқан Қағбаны көрсетеді. Квадрат формасының ішіндегі араб белгісінде көрсетілген 2 мен 6 сандары өгіздің екі мүйізін білдіреді. Себебі, өгіз – бұл 12 жыл жануар мүшелерінің бірі, бұдан аспан әлемі, астрономиямен тығыз байланысты екенін көруімізге болады. Бұл айтылған негіздердің барлығы адамзат баласының күнделікті өмірімен тығыз байланысты екендігін байқауымызға болады. Сондай-ақ, 12 мүшел санын 7 санына қосу-алу амалдарын жүргізетін болсақ 19 саны шығады. Мұндағы 7 саны -жеті хат көк, жеті қат жер мағынасын білдіреді, қорытынды мәні шыққан 19 саны – жоғарыда атап өткеніміздей Бас бата санына тең болды [12; 101]. Ал, 12 мен 7 санын айырма арқылы алатын болсақ, 5 саны шығады. Бұл аспан әлеміндегі күн мен айды есептегендегі жеті қат көк санына тең және барлық ғаламды құраушы бес тетік (от, су, жел, жер, эфир) [13; 87].



«Табиғат матбұғат» қолжазбасының 3-парағы [11, 3 б.]

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасының сирек қорында сақтаулы тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың қолжазбаларын зерттеу арқылы барлық ғылымдар саласы тоғысқан көріністі көруімізге болады.

Қазіргі таңда, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың есімі мен мұрасы елеусіз қалмай, керісінше өскелең ұрпаққа одан әрі насихатталуда. Соның бір дәлелі ретінде, өткен жылдың қазан айының 19-шы жұлдызында Алматы шаһарындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы «Әл-Фараби» халықаралық ғылыми орталығында ортағасырлық ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби есімі мен оның мұрасын бірінші болып зерттеп-зерделеп, Ұлы дала еліне қайтарудағы сүбелі еңбегі үшін тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машаниге арналған ескерткіш бюстінің ашылу салтанаты өткізілді. Аталған іс-шараға Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Қырымбек Көшербаев, ҚР Білім және Ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ректоры Ғалым Мұтанов, ғалым-профессор Ақжан әл-Машанидің жары Жамал Машанова, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының ғылыми кеңесшісі Задаш Дүкенбаева және елімізге белгілі фарабитанушы-ғалымдар, қоғам қайраткерлері және БАҚ өкілдері қатысты.



Әл-Фараби орталығындағы Ақжан әл-Машанидің бюсті

Қорытындылай келе, Қазақстан мен Орта Азияда әл-Фараби есімі мен мұрасын жаңғыртқан Ақжан әл-Машанидің Отандың және әлемнің ғылымда алатын орны орасан. Ғалым бастаған сара жол арқылы бүгінгі таңда фарабитану ғылымының одан әрі қарқын алары сөзсіз.

## **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машанидің ғылыми мұрасының ұлттық идея контексіндегі тарихи құндылығы: атты ғылыми-тәжірибелік семинардың материалдары / жалпы ред. бас. Б.Ғ. Аяған. – Астана: Мемлекет тарихы институты, 2014. – 59 б.
2. Қасым-Жомарт Тоқаны. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>
3. ҚР ҰҒАА, 2-к., 1а л/д-т., 1-іс, 62 п.
4. Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Алатау» баспасы,
5. 2010. Ғалами мөр. 13-том. 320 б.
6. Машанов А. Әл-Фараби және Абай – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
7. Фараби ғабратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құраст. Ш.Абдраман. – Алматы, 2006. – 340 б., суретті. – «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.
8. Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық-мұражайының сирек қорынан алынды.«Солнечные часы в Казахстане» атты деректік құжаты.
9. Машанов А. Әл-Фараби. /870-1970/ Тарихи-деректі кітап. – Алматы: Жазушы,1970. – 245 б.: суретті
10. Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының мұрағаты. 98-қор, 1-тізімдеме, 210-іс.
11. Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алатау-Болашақ» баспасы, 2011. 16-том. Әл-Фарабижәнемузыка. – 416 б.
12. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани. Табиғатматбұғат (طبيعة مطبوغة). Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қорынан алынды.
13. Машани А.Ж. Шаңырақ. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2008. – 236 б.
14. Әл-МашаниАқжан. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2009 ж. 12-том. Қадір түнгі ойлар. – 280 б.

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒАНДАНУ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ АҒЫНЫНДА**

**Кабылтаева С.К.**

PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан тарихы  
кафедрасының доценті

**Мұратбекқызы Б.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан тарихы  
кафедрасының аға оқытушысы

Жаһандану ХХІ ғасырдағы мемлекеттердің өзара тәуелділігі мен өзара әрекеттесуіне әсер ететін шешуші факторға айналуға. Ұлттық мемлекеттердің юрисдикциясынан тыс құрылымдар мен институттардың рөлі артып келеді. Жаһандану - бұл қазіргі адамзат өмірінің барлық салаларын қамтитын көп өлшемді және көп деңгейлі процесс. Жаһандану тудырған проблемалар тек мемлекет басшыларына ғана емес, сонымен қатар әрбір жеке адамға да туындайды. Дилемма келесідей мәселелерден тұрады: не өз елінде жұмыс істе, өз болашағың үшін, тек отбасыңның ғана емес, өз халқыңның да амандығы үшін күрес, немесе инновацияның арқасында тез алға басатын дамыған елдерге кетуге тырыс. Тәжірибе көрсеткендей, қазіргі бір полярлы әлем Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай (BRIC) сияқты ірі державаларға тұрақтылық пен қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алмайды.

Қазіргі Қазақстан территориясында өмір сүрген халықтар мен мемлекеттер көршілерімен байланыстарды сақтаудың қажеттілігі мен маңыздылығын әрқашан түсінгенін растауға болады. Бұл оларға сауданы дамытуға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ынтымақтастық орнатуға ғана емес, сонымен қатар маңызды өзгерістер, саяси, әскери, техникалық, мәдени және басқа салалардағы көршілерінің жетістіктері туралы маңызды ақпарат алуға мүмкіндік берді. Олар өздерінің қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мүмкіндіктерге, дағдыларға, техникалық қабілеттерге ие болу үшін осы салаларда бәсекеге қабілетті болудың өмірлік қажеттілігін түсінді. Қазіргі Қазақстан үшін жаһандану элементтерін зерттеу мен қолдануда да осындай басымдықтар болуы ғажап емес. Жаһанданудың заңдылықтары мен процестерін түсіну Қазақстан мен оның тұрғындарына қазіргі әлемдегі одан әрі дамуы, қауіпсіздігі мен бәсекеге қабілеттілігі үшін өзінің барлық оң элементтерін тиімді қабылдауға және пайдалануға мүмкіндік береді.